



Облыстық білім беруді дамыту  
оку - әдистемеңк орталығының  
директоры: А.Кабдулова  
2021 ж

## «Ең үздік авторлық бағдарлама» облыстық байқауын откізу ережесі

## 1. Жалпы ережелер

- 1.1. «Ең үздік авторлық бағдарлама» облыстық байқауын (бұдан әрі – Байқау) Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы (бұдан әрі – ОӘО) өткізеді.
  2. Байқау Жамбыл Жабаев шығармашылығын насиҳаттауға арналған.

## 2. Мақсаты мен міндеттері

3. Конкурстың мақсаты – Жамбыл Жабаев шығармашылығын оқытуға арнаған авторлық бағдарлама құрастырган үздік мұғалімдердің тәжірибесін анықтау және тарату.

#### 4. Міндеттері:

- Жамбыл Жабаев шығармашылығын оқыту бойынша авторлық инновациялық педагогикалық идеяларымен бөлісу;
  - педагогтердің шығармашылық әлеуетін анықтау және қолдау;
  - алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибелі тарату.

### 3. Байқауға қатысушылар

5. Байқаға меншік нысанына қарамастан барлық білім беру үйымдарының педагогтері катыса алады. Командалық жұмыстар қарастырылмайды.

#### 4. Байқаудың мазмұны мен өткізу тәртібі

6. Байқау екі кезеңде өткізіледі:  
1 – кезең-аудандық (калалық);  
2 – кезең-облыстық;

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталады, оның материалдары Байқаудың келесі кезеңдеріне қатысу үшін жіберіледі.

7. Комиссия басқарма, орталықтың қызметкерлері, тәжірибелі педагогтерден, педагогикалық шеберлік кәсіби конкурстарының женімпаздарынан, «НЗМ» ДББҰ педагог қызметкерлері, сондай-ақ білім беру саласындағы қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен күрьяды.

Байқаудың комиссия құрамына жоғары білікті педагогтер, ғалым-педагогтарды, оку-әдістемелік орталығының мамандары және т. б. кіреді. Комиссия мүшелері авторлық бағдарламаларды зерделейді. Байқау жеңімпаздарын анықтайды.

8. Байқау материалдарының реттілігі ұсынуы тиіс:

1. Білім бөлімдерінің ұсынымдары;
  2. Қоса берілген нысанға сәйкес қатысу үшін өтінім (1 қосымша);
  3. Байқаудың бірінші кезеңінің қорытындысы бойынша комиссияның шешімі (көшірме);
  4. байқау материалдары (JPEG форматында сканерленген):

- білім беру үйымы бекіткен авторлық бағдарлама;
  - бағдарламага ілеспе рецензия;
  - аудандық, калалық оқу-әдістемелік жаңындағы сараптамалық кеңестің корытындысы

9. Материалдар «Ен үздік авторлық бағдарлама» байқауы атауымен [tal.metod@mail.ru](mailto:tal.metod@mail.ru) электрондық поштада 2021 жылдың «20» казанына дейін кешіктірмей жіберіледі.

Көрсөтілген мерзімнен кеш түсken материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

5. Байқауга жіберілетін бағдарламаларға қойылатын талаптар
10. Материалды рәсімдеу
- Титул беті: білім беру ұйымның атауы; авторлық оқыту бағдарламасының, толық атауы; бағдарлама кай сыныпка арналған; бағдарламаны іске асыру мерзімі, каланың атауы, бағдарламаның әзірленген жылы.
  - *түсіндірме жазаба:*
    - авторлық бағдарламаның жаңашылдығы мен өзектілігін;
    - авторлық бағдарламаның максаты мен міндеттерін;
    - бағдарламаны іске асыруға қатысатын сынып;
    - авторлық бағдарламаны іске асыру мерзімін (білім беру процесінің ұзактығы, кезеңдері);
    - бағдарламаны іске асыру нысандары;
    - күтілетін нәтижелер.
  - *Бағдарламаның мазмұны:* әр тақырып бойынша бөлімдер, тақырыптар, сағаттар санын қамтитын құнтізбелік-тақырыптық жоспар болуы тиіс.
  - *Әдебиеттер тізімі.*
11. Бағдарлама мәтіні Microsoft Word мәтіндік редакторында ұсынылуы керек, шрифт – Times, кегель 14 (бір жарым жолдан кейін). Өрістер стандартты болуы керек: сол жакта – 3 см, он жакта – 1 - 1,5 см, жоғарғы жағында – 2 см және төменгі жағында-2 см. Түсіндірме жазбадан бастап барлық параптар нөмірленеді.
6. Бағдарламаларды бағалау критерийлері
- 1. Жұмыстың өзектілігі** (*тұжырымдалар, бағдарламалар, зерттеу немесе тәжірибелік-эксперименттік жұмыс тақырыптары және т.б.*) оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік басымдыктармен байланысы.  
Оның қажеттілігі, өзектілігі, күн қажеттіліктеріне сәйкестігі.
  - 2. Жұмыстың ғылыми-әдістемелік дәнгейі:**
    - модификациялық: жаңғырту, жоғалған, бірақ белгілі тәсілдемені, әдістемені, технологияны, әзірлемені, жүйені және т. б. қалпына келтіру;
    - комбинаторлық: жана сапаға әкелетін түрлі үйлесімдегі белгілі элементтердің интеграциясы;
    - радикалды: жана, жаңашыл, бұрын белгісіз нәрсені ойлап табу.
  - 3. Жұмыстың жаңашылдық дәнгейі:**
    - Білім беру жүйесінде аналогтардың болуы немесе болмауы:
      - қала-ауданда;
      - облыста;
      - республикада.
  - 4. Жұмыстың ғылымилығы** – оның жаңа білім беру парадигмасының философиясына, әдістемесіне, психологиясына және педагогикалық ғылым мен тәжірибелің соңғы жетістіктеріне сәйкестігі:
    - окушылардың білімін, білігін, дағдысын қалыптастырып қана қоймай, окушылар тұлғасын дамыту және тәрбиелеу;
    - білім беру процесінің этнопедагогикалық, психологиялық бағыттылығын қамтамасыз ету;
    - білім беру мазмұнының гуманистік, интеграциялық және инновациялық тәсілдерге және т.б. сәйкестігін қамтамасыз ету;
    - ғылыми талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету (мәселенің, ғылыми гипотезаның, мәселені гипотезалық шешудің, ғылыми негізделген зерттеу жүргізудің, зерттеу нәтижелерін зерттеуге дейін алынған деректермен салыстырудың болуы).
  - 5. Ішкі бірлікті бағалау және жұмыстың әдіснамалық негізінің сипаттамасы:** нәтижелердің әдіснамалық негіздермен қисындылығы, өзара байланысы, олардың кайшылықсыздығы.
  - 6. Жұмыстың практикалық маңыздылығы** – ұсынылған жұмыс істің накты жағдайын жақса жаққа өзгертуге қаншалықты мүмкіндік береді. Практикаға енгізу үшін

не ұсынылады.

**7. Рәсімдеу талаптарына сәйкестігі.**

Критерийлерге сәйкес 5 балдық жүйе бойынша бағаланады.

7. Қорытынды шығару, женімпаздарды марапаттау

12. Облыстық байқау кезеңінің қорытындысы **2021 жылдың**

**«01»**

**карашасына** дейін шығарылады.

13. «Ең үздік авторлық бағдарламасы» облыстық байқауының қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар белгіленеді:

- I орын;
- II орын;
- III орын.

11. Байқаудың облыстық кезеңінің женімпаздары орталықтың дипломдарымен, алғыс хаттарымен марапатталады.

14. Байқаудың қорытындысы орталықтың әлеуметтік парақшаларында жарияланады.

**Анықтама телефоны:** 8 7717511752

*Іқосымша*

ауданынан (қаласынан)

**Жамбыл шығармашылығын оқытудың  
«Ең үздік авторлық бағдарламасы»  
облыстық байқауына қатысу үшін  
ӨТІНІМ**

Жұмыстың атаяуы	
Жұмыс тақырыбы	
Автордың аты-жөні	
Жұмыс орны	
Байланыс телефоны	
Жеке электрондық поштасы	
Бағдарламага қысқаша аннотация	

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2021 ж.